



# msi®



## MAG CH120 SERIES креслосы

### Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

#### ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МАҚСАТЫ

Кресло жайлы жұмыс істеуді қамтамасыз етуге арналған.

#### САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Максимал рұқсат етілген салмақтан асырмаңыз.
- Қыздыру және жылыту аспаптарына тікелей жақын жерде креслоны пайдаланғанда пайдалану барысында оның бетін қызудан қорғау керек. Жиһаздың элементтерінің қызу температурасы 40°C аспауы керек.
- Креслоны ашық оттың жанында пайдаланбаңыз.
- Жиһаз өнімін пайдаланғанда, еденге тиетін жиһаз элементтеріне су және басқа сұйықтықтар тимеуі керек.

#### ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

- Сауда белгісі: MSI
- Үлгісі: B0Y1.
- Салмақ бойынша шектеу: 150 кг.
- Қаптауыш материалы: экобылғары.
- Айқастырма (тірек) материалы: болат.
- Шайқалу механизмі: топ-ган.
- Креслоның өлшемдері: 65 x 58 x 130 см.
- Орындықтың өлшемдері: 52 x 52,5 см.

#### МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ, САТУ ЖӘНЕ УТИЛИЗАЦИЯЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

- Құрылғыны монтаждау ережелері мен шарттары пайдаланушыға арналған нұсқаулықта сипатталған.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C және 40°C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Бөлмелерде коррозияға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы керек.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалану қажет, оны шаңның, ластанудың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласу немесе құрылғыны утилизациялау керек.
- Осы бұйымның утилизациялануы қалдықтарды қайта өңдеудің жергілікті нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізілуі тиіс. Осы бұйымның дұрыс утилизациялануын қамтамасыз етіп, Сіз қалдықтарды бақылаусыз тастау нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және утилизациялау орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорындан алуға болады.

#### ҚОСЫМША АҚПАРАТ

**Өндіруші:** Майкро-Стар Интернэйшнл Ко., Лтд.

Лидэ көш., 69, Чжунхэ ауданы, Нью-Тайбэй қ. 235, Тайвань (Қытай). Қытайда жасалған.

**Өнімді өндіруші филиалы:** ЦЗЯНСУ СИГАЛ ОТЭМОУТИВ ИНТЕРИОР ЭКСЭСЭРИЗ КО., ЛТД.

ЛЕОС № 65 ДАҒҒЫЛЫ, ЦЗИНЬХУ УЕЗДІ, ХУАЙАНЬ Қ., ЦЗЯНСУ ПРОВ., ҚЫТАЙ.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:** ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.




**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдарды қабылдайтын заңды тұлға:** «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Султан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.








Тауар КО ТР 025/2012 «Жиһаз өнімінің қауіпсіздігі туралы» Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сәйкестік декларациясы туралы мәліметтер: ЕАЭС N RU Д-ТW.РА04.В.70470/22, 07.07.2022 бастап 06.07.2027 дейін жарамды.

Бұйымның сыртқы көрінісі мен оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

**Өндірілген күні** қаптамада көрсетілген.





## КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ

Кепілдік мерзімі: 12 ай. Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Ресми MSI сатушылары бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес пайдаланылған жағдайда сатып алу күнінен бастап бұйымның өндірістік ақаулары үшін шектеулі кепілдік береді. Кепілдік мерзімі ішінде өнімде өндірістік ақаулар анықталса, төменде көрсетілген нұсқауларға сәйкес қайтару туралы арыз толтырылып, ақау расталғаннан кейін ресми MSI сатушылары оны жөндейді немесе эквивалент өніммен ауыстырады.

Кепілдік талонын қауіпсіз жерде сақтаңыз. Жоғалған жағдайда кепілдік талоны қайта берілмейді.

## ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК

Шектеулі кепілдік мыналарға қолданылмайды:

1. табиғи апат, жазатайым оқиға, дұрыс пайдаланбау, теріс пайдалану, ұқыпсыздық салдарынан бүліну;
2. креслоны жөндеу немесе бөлшектеу көрсетілген жинау әдістеріне немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы нұсқауларға сәйкес болғанда, бірақ оны MSI тарапынан рұқсат етілмеген үшінші тарап орындаған жағдайда дұрыс пайдаланбау салдарынан болған зақым және ақаулар;
3. ресми емес MSI сату арналары арқылы сатып алынған креслолар;
4. қаптауыш материалы (ПВХ былғары);
5. жүйелі түрде пайдаланғанда міндетті түрде болатын тозу;
6. полиэтилен пакеттер, нұсқаулар және т.б. сияқты креслоның аксессуарлары.
7. өнім сатып алынған елден басқа аймақта кепілдік қолданылмайды.

## КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Креслоға немесе оның компонентіне жапсырылған сериялық нөмірі бар жапсырма өшірілген, анық емес, өзгертілген болса немесе MSI базасына сәйкес келмесе, шектеулі кепілдік қолданылмайды.

## ҚАЙТАРУ ТУРАЛЫ АРЫЗ

1. Қайтару үшін кресло сатып алынған дүкеннің кепілдік бөліміне хабарласыңыз немесе қайтару туралы арыз жөнінде ақпарат алу үшін MSI техникалық қолдау бөліміне тікелей хабарласыңыз.
2. Креслоны бүтіндей қайтармау үшін, мына құжаттарды беру арқылы MSI техникалық қолдау бөлімінен қосалқы бөлшектерді сұрай аласыз: (1) зақымдалған бөлшектің фотосуреті, (2) креслоның сериялық нөмірі және (3) сатып алуды растайтын құжат. DNS дүкендер желісінде сатып алынған креслолар үшін жөндеу немесе элементтерді ауыстыру ресми сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі:

<http://www.dns-shop.ru/technical-support/>

## Сатушы толтырады

Үлгісі


Сериялық нөмір

Түсі

Сатып алынған күн      Жыл      Ай      Күн

Дүкен

## Сатушының мөрі



Кеден одағына мүше-мемлекеттің нарығында өнімнің бірыңғай айналым белгісі  
Қытайда жасалған.



V.2



## Майкро-Стар Интернэйшенл Ко., Лтд.

Лиде көш., 69, Чжунхэ ауданы, Нью-Тайбэй қ. 235, Тайвань (Қытай)

тел.: +886-2-3234-5599 факс: +886-2-3234-5488

<https://www.msi.com/page/warranty/>



Кепілдік  
туралы ақпарат  
алу үшін  
сканерлеңіз



Өнім туралы  
ақпарат  
алу үшін  
сканерлеңіз